| № | Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың басым бағыты | Мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі және іске асыру мерзімі | Грантты іске асыру аумағы (осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес) | Нысаналы индикатор және күтілетін нәтижелер | Материалдық-техникалық базаға қойылатын талаптар (ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру кезінде ғана белгіленеді) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі** | | | | | | | | |
| 1 | Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу | Ардагерлерді қолдауға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу | Ардагерлер – мол өмірлік тәжірибесі мен білімі бар, қоғамның дамуына үлес қоса алатын маңызды ресурс. Олардың бос уақытын жастар мен жасөспірімдердің тәрбиесіне, қоғамның тұрақты дамуына қатысуы, ата-әжелер институтының нығайтуға бағытталған жұмыстарын жүйелеу. Сондықтан, азаматтық қоғамды дамыту үшін ардагерлердің белсенділігін арттыру және оларды қолдау маңызды. Үлкенді сыйлау дәстүріне сүйене отырып, ардагерлерді жастардың, кәсіпкерлердің және әлеуметтік осал топтардың мүддесін білдіретін азаматтық қоғам институты ретінде қалыптастыру өзекті.<br><br>Ардагерлер жергілікті билік, бизнес және қоғам арасындағы диалогты нығайтып, қоғамдық пікірді қалыптастыруға, | **2026 жыл - 18 000 мың теңге**<br><br>**2027 жыл - 18 000 мың теңге** | 1 орта мерзімді грант, 2026-2027 жж. | Тараз қаласының кемінде 2 ауданы | **Нысаналы индикатор (жыл сайын):**<br>1. Жоба аясында Тараз қаласының еңбек және тыл ардагерлерінің кемінде 100-ін қамту.<br>2. Еңбек және тыл ардагерлері қатарынан қатысушылардың қанағаттану деңгейі (сауалнама нәтижелері бойынша) кемінде 70%.<br><br>**Күтілетін нәтижелер (жыл сайын):**<br>1. Қаладағы еңбек және тыл ардагерлері арасында 9 спорт түрі бойынша кемінде 300 адамның қатысуымен (ерлер мен әйелдер арасында: шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, дартс, дойбы; тек ерлер арасында: асық ату, бильярд, волейбол, ләңгі) спартакиада ұйымдастыру және өткізу, әр | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қабылданған шешімдерді түсіндіруге және қоғамда сенім орнатуға ықпал ете алады. | | | | спорт түрі бойынша жеңімпаздарды марапаттау.<br>2. Жеңіс күніне орай кемінде 30 соғыс және тыл ардагерінің қатысуымен «Батырларға тағзым – ұрпаққа өнеге» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастыру және өткізу, әрбір қатысушыға алғыс хат пен сыйлық табыстау.<br>3. Кемінде 7 конкурсанттың қатысуымен Астана күніне орай «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» атты бата беру байқауын ұйымдастыру және өткізу, жеңімпаздарды жүлделі орындармен марапаттау.<br>4. Қаладағы соғыс, тыл және еңбек ардагерлері арасында Конституция күніне орай «Ұлық болсын – Ұлы Заң» атты зияткерлік-танымдық ойынды ұйымдастыру және өткізу, қатысушылар саны кемінде 13 адамды құрап, жүлделі орындармен марапаттау.<br>5. Қала күніне орай кемінде 7 қатысушыды қамтып «Әжелер тағылымы – ұрпаққа өнеге» атты әжелер байқауын ұйымдастыру және өткізу, жеңімпаздарды марапаттау.<br>6. Халықаралық қарттар күніне орай қаладағы соғыс, тыл және еңбек ардагерлерінің кемінде 100 қатысушысын қамтитын бір | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | кешенді іс-шараны өткізу, оған әкіммен кездесу, мерекелік концерттік бағдарлама, 50 000 теңге сомасына сертификаттар, естелік сыйлықтар және «Тараз қаласының құрметті ардагері» медальдарын табыстау.<br>7.Естелік сыйлықтар табыстауды қоса, кемінде 20 адамды қатысуымен ардагерлердің мерейтойларына орай құттықтау іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.<br>8. Соғыс, тыл және еңбек ардагерлерін міндетті түрде тарта отырып, "Ұрпақтар сабақтастығы, ұрпақтар үйлесімі" тақырыбында жастармен кемінде 20 кездесу өткізу.<br>9. 2026 жылы Тараз қаласының қалалық ардагерлер кеңесінің атқарған жұмысы туралы бейнеролик әзірлеу және түсіру (ұзақтығы 10-15 минут).<br>10. 2026 жылы Тараз қаласының қалалық ардагерлер кеңесі жасаған жұмыс туралы кемінде 100 брошюра басып шығару және тарату.<br>11. Жобаның ақпараттық қамтуы - кемінде 30 000 қаралым. | |
| 2 | Азаматтық қоғамды дамытуға, | Азаматтық қоғам институттарыны | Тараз қаласында 592 ҮЕҰ тіркелген, оның ішінде 100-ге жуық ҮЕҰ ғана белсенді. | **6 000 мың теңге** | 1 қысқа мерзімді грант | Тараз қаласы | **Нысаналы индикатор:**<br>1. Жобаның тікелей қамтуы - қаланың азаматтық қоғам | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу | ң әлеуетін дамыту және нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру | Бүгінгі таңда жұмыс істемейтін немесе уақытша жұмысын тоқтатқан ұйымдарды жабу мәселесі өзекті.<br><br>Азаматтық өзін-өзі тануды дамыту құралы ретінде мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты арттыру қажеттілігі бар.<br><br>Сонымен қатар, азаматтық қоғам институттарын қоғамда және мемлекеттік секторда олардың әлеуеті мен имиджін арттыруға ықпал ететін дағдылармен қамтамасыз ету, олардың үкіметтік емес секторды одан әрі дамытудағы рөлін күшейту, ҮЕҰ-ның қоғамның сұраныстарын іске асыру және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша мемлекеттік сектормен өзара қарым-қатынасын нығайту қажет.<br><br>Жергілікті азаматтық қоғамның жергілікті өзін өзі басқару органдарының шешімдерін ала тұрғындарына насихаттау жұмыстарының әлсіздігі немесе жеткіліксіздігі. | | | | институттарының кемінде 100 өкілі.<br>2. Жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі-кемінде 70% (сауалнама нәтижелері бойынша).<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>1. Бір шағын гранттың мөлшері 500 000 теңгені құрайтын 5 шағын грант беруге конкурс өткізу.<br>2. Менторлық және консультациялық қолдау арқылы 5 шағын гранттың іске асырылуын сүйемелдеу<br>3.Қала ЖАО-ның 30-дан кем емес ҮЕҰ өкілдерімен кездесуін ұйымдастыру.<br><br>4. Жергілікті атқарушы органдар мен ҮЕҰ өкілдері үшін кемінде 50 адамның қатысуымен (Тапсырыс берушімен келісім бойынша) кемінде екі спикерді тарта отырып семинар ұйымдастыру және өткізу.<br><br>5. Жаңадан ашылған ҮЕҰ-ның 10 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар ҮЕҰ-мен тәжірибе алмасу және олардың жұмысымен танысу мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастыру және өткізу | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | (Тапсырыс берушімен келісім бойынша).<br>6. 30-дан кем емес ҮЕҰ өкілдері үшін нетворкинг форматында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.<br>7. Жобаны іске асыру туралы Әлеуметтік желілерде және БАҚ-та кемінде 10 000 қаралымды қамтитын ақпараттық сүйемелдеу. | |
| 3 | Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту | Этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыру | Тараз қаласында өзбек, түрік және дүнген ұлтының өкілдері жинақы тұратын аумақтар бар. Аталған ұлттар арасында ұлтаралық қақтығыстардың туындауына ешқандай себеп жоқ.<br><br>Этномәдени бірлестіктердің өкілдері түрлі қоғамдық-саяси, мәдени іс-шараларға белсендіқатысады.<br>Тараз қаласы аумағында тұратын түрлі ұлт өкілдерінің азаматтық белсенділігі мен патриоттық сезімін қалыптастыру. Қоғамның дамуына жұмылдыру. | **6 000 мың теңге** | 1 қысқа мерзімді грант | Жалпақтөбе, Сұлутөр, Ақбұлым, Шайқорық, Түрксіб, Талас, Кемел елді мекендері іргелес Тараз қаласы | **Нысаналы индикатор:**<br>1. Жобаның тікелей қамтуы - Тараз қаласының кемінде 1000 тұрғыны.<br>2. Жобаның іс-шараларына қанағаттанушылығын атап өткен қатысушылардың үлесі - кемінде 70% (сауалнама қорытындысы бойынша).<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>1. Этнос өкілдері арасында “Этно шеру” іс – шарасын ұйымдастыру және өткізу (адамдар көп жиналатын жерлерде - сауда нүктелерінде, қоғамдық орындар мен саябақтарда, жаяу жүргіншілер жолдарында).<br>2. Жеңімпаздарды марапаттай отырып, әртүрлі ұлт өкілдерінің отбасылары арасында дәстүрлер фестивалін ұйымдастыру және өткізу. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | 3. Этномәдени бірлестіктер арасында жеңімпаздарды марапаттай отырып "Достық дастарханы" атты ұлттық тағамдар конкурсын өткізу.<br>4. Мемлекеттік тілді меңгерген этнос өкілдері арасында Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған поэзия кешін ұйымдастыру, жеңімпаздарды марапаттау.<br>5. Этнос өкілдері арасында "ұлттық қолөнер – ұлы мұра" ұлттық қолөнер байқауын ұйымдастыру, жеңімпаздарды марапаттау.<br>6. Рухани келісім күніне (18 қазан) қалалық ЖАО-ның этномәдени бірлестіктердің кемінде 20 төрағасымен кездесуі және оларды марапаттау (этномәдени бірлестіктердің кемінде 20 төрағасы - 50 000 теңгеге сертификат.).<br>7. Учаскелік полиция инспекторлары, медиаторлар, жалпы білім беретін мектептердің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған ҚХА медиация институтын дамыту бойынша кемінде 60 адамға семинар-тренинг өткізу.<br>8. Қалалық деңгейде этносаралық қатынастар саласында жұмыс істейтін | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | мамандар үшін кемінде 3 семинар ұйымдастыру және өткізу.<br>9. Этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған кемінде 10 іс-шара ұйымдастыру және өткізу (Тапсырыс берушімен келісу қажет).<br>10. Жобаны ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру: БАҚ пен интернет-ресурстарда кемінде 3 мақала жариялау, достық пен бірлікті нығайтуға бағытталған 3 бейнеролик дайындау, сондай-ақ Instagram-ның танымал парақшаларында кемінде 1 материал жариялау және оның аудиториясы кемінде 50 000 адамға жету. | |
| 4 | Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу | Отбасы институтын нығайтуға және гендерлік саясатты іске асыруға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу | Ажырасудың ең көп тараған себебі: зинақорлық, нашақорлық, құмар ойындар, жүйелі тұрмыстық зорлық - зомбылық, алкоголизм, қызғаныш, содан кейін материалдық себептер: жұмыссыздық, қаражаттың жетіспеушілігі және тұрғын үй проблемалары. Жастардың отбасын құруға саналы дайындығының болмауы фактілері жоққа шығарылмайды. Жоғарыда келтірілген деректер отбасын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды насихаттау жөніндегі жұмыс нысандарын жүйелеуге ықпал ететін | **6 000 мың теңге** | 1 қысқа мерзімді грант | Тараз қаласы | **Нысаналы индикатор:**<br>1. Отбасылық құндылықтарды ілгерілету жөніндегі ақпараттық қоғамдық іс-шаралар арқылы жобаның тікелей қамтуы - кем.<br>2. Жобаның оң әсерін атап өткен жобаға қатысушылардың үлесі - қатысушылардың кемінде 70% (сауалнама қорытындысы бойынша).<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>1. Аналар күніне орай кемінде 5 спикердің қатысуымен "ұлттық құндылықтарды жаңғырту және | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ағартушылық, ақпараттық және білім беру бағытындағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру қажеттілігі бар екенін көрсетеді. | | | | қазіргі заманғы кәсіптерді игеру" мастер-класы, 5 кәсіпкер әйелмен кездесу және қатысушыларды көлікпен сүйемелдеуді қамтамасыз ету бар кемінде 30 көп балалы және жалғызбасты аналар үшін кешенді іс-шара ұйымдастыру және өткізу.<br>2. 25 және 50 жыл некеде тұрған ерлі – зайыптылардың ("Алтын шаңырақ" және"Күміс кереге"), сондай-ақ жас отбасылардың қатысуымен "Отбасы-өмірдің алтын буыны" Халықаралық Отбасы күніне арналған кездесуді ұйымдастыру және өткізу. Іс-шараға ерлі-зайыптылық өтілі 25 және 50 жылдан кем емес 5 отбасы және кемінде 15 жас отбасы қатысады. Кездесу аясында шақырылған қонақтарға тақырыптық кәдесыйлар, алғыс хаттар мен гүл шоқтарын тапсыру көзделеді.<br>3. Әкелер күніне арналған "Менің әкем, анам және мен" отбасылық Спартакиадасын ұйымдастыру және өткізу, құрамында кемінде 10 отбасы бар Әке, ана және 11-13 жасқа дейінгі балалар. Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындарды ақшалай сыйлықтармен марапаттау көзделеді. | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | 4. "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсының салтанатты марапаттау рәсімін ұйымдастыру және өткізу, салтанатты рәсім шеңберінде конкурстың жеңімпазы деп танылған екі отбасына 500 000 теңге сомасына қаржылық сертификаттар тапсыру көзделеді.<br>5. 30 тамыз Конституция күніне орай кемінде 7 отбасының қатысуымен қазақ халық қолөнерін жаңғыртуға, дәстүрлі қазақ қоғамында дамыған киіз жасау өнері мен технологияларын жастар арасында танымал етуге бағытталған "Kiizfest" отбасылық конкурсын ұйымдастыру және өткізу. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау.<br>6. Зорлық – зомбылық мәселесіне жұртшылықтың назарын аударуға, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ қоғамда қаланың кемінде 30 тұрғынының қатысуымен зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған "зорлық-зомбылықсыз отбасы-бақытты қоғам" акциясы шеңберінде | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | "Зорлық-зомбылықсыз отбасы-бақытты қоғам" тақырыбында "дөңгелек үстел" ұйымдастыру.<br>7.Өмірлік қиын жағдайға тап болған кемінде 10 отбасын анықтау және оларға кәсіби құқықтық және психологиялық қолдауды, жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді, ресурстық көмекті және құжаттарды ресімдеуге көмекті қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде кешенді көмек көрсету (жасалған жұмыс бойынша жарияланым материалдары Тапсырыс берушімен келісу қажет).<br>8. Отбасы институтын нығайтуға және гендерлік саясатты іске асыруға бағытталған кемінде 10 іс-шара ұйымдастыру және өткізу (Тапсырыс берушімен келісу қажет).<br>9. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру түрлі медиа платформаларда жарияланымдарды орналастыруды көздейді: телеарналарда және баспа БАҚ-та кемінде екі жарияланым, интернет-басылымдарда кемінде үш мақала, сондай-ақ кемінде 20 000 жазылушы аудиториясы бар Instagram-дың | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | танымал беттерінде кемінде бір жарияланым. | |
| 5. | Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу | Тараз қаласында тұрғындардың әлеуметтік мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу | - Қаланың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси саласының проблемаларын шешу бойынша жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін бағалау<br><br>- Қала тұрғындарының өзекті қажеттіліктері бойынша, оның ішінде әлеуметтік наразылықтың өсуіне себеп болатын өзекті мәселелер (ыстық нүктелер) бойынша статистикалық, талдамалық база құру.<br><br>- Қала тұрғындарының толғандыратын өзекті мәселелерді жинау, талдау және бағалау, азаматтық қоғам өкілдерінің әлеуетін тарта отырып, оларды шешу жолдарын анықтау.<br><br>- Қала тұрғындардың әлеуметтік мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында мемлекеттік органдардың қызметінің деңгейін, қаладағы діни, этносаралық және қоғамдық-саяси ахуалды зерделеп, қала тұрғындарының әлеуметтік наразылықтың өсуіне себеп болатын, толғандыратын өзекті мәселелерді (ыстық нүктелер, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және т.б.) жинау, талдау және бағалау, этникалық және конфессияаралық негізде | **4 000 мың теңге** | 1 қысқа мерзімді грант 2026 год | Тараз қаласы | **Нысаналы индикатор:**<br>1. Қала тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелер бойынша жиналған проблемалық кейстердің саны – кемінде 15 сұрақ (санаттар бойынша топтастырылған).<br>2. Ақпараттық қамту - кемінде 5000 қаралым.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>1. Кемінде 2500 респондент арасында кемінде 1 әлеуметтанушы - маманды тарта отырып, жаппай сауалнама жүргізу.<br>2. Сараптамалық сауалнамаға қатысқан сарапшылардың саны - кемінде 7 сарапшы (мемлекеттік органдардың өкілдері, салалық мамандар, Қоғамдық кеңес мүшелері, қоғамдық пікір көшбасшылары).<br>3. Фокус-топтық пікірталастар саны - кемінде 2 (әрқайсысы 7 респонденттен).<br>4. Зерттеу сауалнамалары мен сараптамалық сауалнамалардың мазмұнын Тапсырыс берушімен келісу.<br>5. Әлеуметтік наразылық тәуекелдері бойынша белгілі бір аумақтардың саны (жаңадан | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қақтығыстардың алдын алу, шалғай елді мекендерде наразылық сезімдерінің өсу нүктелерін анықтау; | | | | қосылған аумақтарға баса назар аудара отырып) - кемінде 10 аумақ (шалғайдағы елді мекендер мен жаңа шағын аудандарды қамти отырып).<br>6. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне қатысты қалыптастырылған индекстердің саны-кемінде 5 бағыт (әлеуметтік саясат, жастар саясаты, қауіпсіздік, құқықтық тәртіп, қоғамдық-саяси жағдай, этносаралық келісім).<br>7. Кемінде 3 есеп жасау:<br>- 2 аралық есеп,<br>- 1 қорытынды аналитикалық есеп.<br>8. Зерттеу нәтижелерінің тұсаукесерін өткізу және мүдделі тараптармен талқылау. | |
| | **Итого:** | | | **40 000 мың тенге** | 2026 жыл | | | |
| | | | | **18 000 мың тенге** | 2027 жыл | | | |